



20 _____ ЖЫЛҒЫ " _____ "

" 11 " 10 2019 года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Талдықорған қаласы

№ 2 дана

I. Кіріспе бөлік

1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай- Мекеме). Мекеме Алматы облысы Әділет департаменті Талдықорған қаласының Әділет басқармасында 2015 жылдың 17 наурызында тіркеуден өткен. Есеп айырысу операциялары Алматы облыстық Қазынашылық Департаментінің Талдықорған қалалық басқармасы арқылы жүргізіледі. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ93070102KSN0901000, бизнес сәйкестендіру номері: 150340016795.


1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы: Жергілікті атқарушы орган мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономиканың немесе экономиканың жеке алғандағы саласының, әлеуметтік және басқа да мемлекеттік басқару салаларының дамуына әсері бойынша аудиторлық іс-шара жүргізу.

1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты: Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің жұмыс істеу тиімділігіне аудит жүргізу.

1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні: «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер», «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары», «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шаралар іске асыру», «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау», «Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға кредит беру», «Кәсіпкерлік қызметті қолдау», «Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және ауыл тұрғындарына микро кредит беру үшін «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның еншілес ұйымдарына кредит беру», «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау», «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

008315



бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау», «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру», «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру», «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде ағымдағы іс-шараларды іске асыру», «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары», «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту», «Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту», «Моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру», «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу», «Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу», «Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламалары.

1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман – мемлекеттік аудиторлары Өркен Дүйсембекұлы Абеубакиров (мемлекеттік аудитор сертификаты - 2016 жылдың 05 желтоқсанындағы №0197), Жасқайрат Іңкәрұлы Шағжанов (мемлекеттік аудитор сертификаты - 2016 жылдың 20 желтоқсанындағы №1354), Бибигуль Кенесжановна Кенесжан (мемлекеттік аудитор сертификаты - 2016 жылдың 05 желтоқсанындағы №0307).

1.7. Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қанат Манамұратұлы Манамұратовтың 2019 жылғы 29 тамызындағы №02-16/11.1-330-Т аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырмасы негізінде аудит жүргізілді.

1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2016 жылдың 01 қаңтарынан бастап, 2018 жылдың 31 желтоқсаны аралығы.

1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: 2019 жылдың 4 қыркүйегінен бастап 11 қазан аралығы.

1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:

Мемлекеттік аудит мекеме басшысы Қожасбаев Руслан Садвақасұлының келісімімен, әкімшілік бөлімінің басшысы Гульжамал Балтабековна Берикбулованың қатысуымен жүргізілді. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде бірінші қол қою құқығына 2015 жылдың 13 шілдесінен 2017 жылдың 14 қыркүйегі аралығында М.Мұрат ие болған, 2017 жылдың 29 қыркүйегінен 2018 жылдың 23 сәуірі аралығында А.Тохтасунов

Жасин

Қаси

А.Тохтасунов 2

ие болған, 2018 жылдың 29 мамырынан Р. Қожасбаев ие. Екінші қол қою құқығына 2015 жылдың 19 қазанынан 2016 жылдың 05 шілдесі аралығында Ж. Доцанова ие болған, 2016 жылдың 05 шілдесінен осы күнге дейін Г. Берикбулова ие.

1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі:

1. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ң Алматы облысы бойынша филиалы;

2. Алматы облысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ аймақтық филиалы;

3. «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» өңірлік даму институты» акционерлік қоғамы.

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:

Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің квазимемлекеттік секторының бас маманы Н.Қалқаев 2014 жылдың желтоқсанынан бастап 2017 жылдың маусымын қоса алған кезеңді қамтыған, экономикалық тергеу қызметі хаты бойынша бақылау жүргізген (28.07.2017 жылғы аудит есебі); Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бөлім басшысы - мемлекеттік аудитор А.Жүнісбеков және бас маман - мемлекеттік аудиторлар Ш.Сыздыкова, С.Шигамбаева 2015 жылдың қаңтарынан 2016 жылдың желтоқсанының айын қоса алған кезеңді қамтыған, бюджет қаражатын, оның ішінде жоғарғы тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және жергілікті бюджеттен квазимемлекеттік сектор субъектілерінен өздеріне бөлінген қаражатты қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкестігіне бақылау жүргізген (29.09.2017 жылғы аудит есебі); Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бас маман - мемлекеттік аудиторы Ж.Досбаев 2017 жылдың қаңтарынан бастап 2017 жылдың желтоқсан айын қоса алған кезеңді қамтып, мердігерлер мен мекеме арасындағы келісім шарт шеңберінде бақылау жүргізген (19.01.2018 жылғы аудит есебі); Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бас маман - мемлекеттік аудиторы Ғ.Күмісбеков 2018 жылдың қаңтарынан бастап 2018 жылдың маусым айын қоса алған кезеңді қамтып, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту шеберінде бөлінген қаражатқа бақылау жүргізген (12.07.2018 жылғы аудит есебі); Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бас маман - мемлекеттік аудиторлары Б.Алиев және У.Жапабаев 2017 жылдың қаңтарынан бастап 2018 жылдың желтоқсанының айын қоса алған кезеңді қамтыған, бюджет қаражатының тиімділігі және мемлекеттік жеке меншік серіктестік бөлінген қаражаттың орындалуына бақылау жүргізген (08.05.2019 жылғы аудит есебі). 2017-2018 жылдардағы «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы бойынша облыс прокурорының орынбасары

Жүнісбеков

Алиев

У.Жапабаев 3

М.Әбдірахманов Алматы облысының прокуратурасының заң бұзушылықты жою туралы ұсынылымы аудит барысында ұсынылды (23.082019 жылғы №2-04-19-13930).

2017 жылғы 19 қазандағы №02-17/32-1Н Тексеру комиссиясының нұсқамасына сәйкес қаржылық бұзушылық соммасы 832,3 мың теңге бюджет есебіне құйылғандығы түбіртектермен расталды. Бақылауда тұрған Тексеру комиссиясының нұсқамасы жоқ.

II. Негізгі бөлік

2.1. Аудит бағдарламасын ашып жазу:

Мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын көрсеткіштер:

Мәнділік - мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер.

Үнемділік – қызметтің бағаланатын нәтижелерінің тиісті сапасын сақтай отырып, осы нәтижелерге қол жеткізу үшін бөлінген ресурстардың құнын барынша азайту.

Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы.

Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы.

Көрсеткіштерді қолдану бойынша түсіндірме:

Аталған көрсеткіштерді ашу мақсатында мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде мекеме қызметкерлерінің өз лауазымдық қызметін атқару барысында негізге алатын қызметтік нұсқаулықта көрсетілген міндеттерде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптары сақталуына талдау жасалды.

2.1.1. Аудит бағдарламасындағы мәселелердің атаулары:

№1 мемлекеттік аудит көрсеткіші: Мәнділік.

Оның мәселелері:

1. Мемлекеттік органның міндеттері мен функцияларын іске асыру кезінде заңнама талаптарының сақталуын тексеру.
2. Бюджеттің бастапқы, түзетілген және нақты орындалуын салыстыру жолымен мемлекеттік органның бюджет қаражатын оның нысаналы мақсатымен жоспарлауды жүзеге асыруын тексеру.

№2 мемлекеттік аудит көрсеткіші: Үнемділік.

Өлшемшарты – шығындарды негізсіз жоспарлау және жұмсау фактілерінің болмауы.

Оның мәселелері:

3. Мемлекеттік органның қызметін атқару процесінде еңбек, қаржы және басқа да ресурстарды үнемді пайдалануына талдау жүргізу.

№3 мемлекеттік аудит көрсеткіші: Нәтижелілік.

Өлшемшарты – индикаторларға қол жеткізілуі.

Оның мәселелері:

4. Бюджеттік бағдарламалар бойынша жоспарланған көрсеткіштердің орындалуына талдау жүргізу.

№4 мемлекеттік аудит көрсеткіші: Тиімділік.

Өлшемшарты – шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санының және жаңадан құрылған жұмыс орындарының санының артуы.

Оның мәселелері:

5. Аумақтың әлеуметтік – экономикалық дамуына мемлекеттік орган жоспарлаған және іске асырған бюджеттік бағдарламалардың қосқан үлесіне талдау жүргізу.

2.1.1.2. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

№1 мемлекеттік аудит көрсеткіші: Мәнділік.

Оның мәселелері:

1. Мемлекеттік органның міндеттері мен функцияларын іске асыру кезінде заңнама талаптарының сақталуын тексеру.

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы «05» сәуірдегі №123 қаулысымен бекітілген «Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережеге сәйкес басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері айқындалған.

2. Бюджеттің бастапқы, түзетілген және нақты орындалуын салыстыру жолымен мемлекеттік органның бюджет қаражатын оның нысаналы мақсатымен жоспарлауды жүзеге асыруын тексеру.

Мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы, бекітілуі және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 жылғы №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 04.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің» талаптары басшылыққа алынып, шығыс ерекшеліктері бойынша қажеттілік есептері жасалған.

2016-2018 жылдары аудитпен қамтылған қаражаттың бюджеттік бағдарламалары:

001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске

асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 407279,1 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 407279,1 мың теңге;

003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 21123,1 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 21123,1 мың теңге;

004 «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шаралар іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 53120,2 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 53120,2 мың теңге;

005 «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 144000,0 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 144000,0 мың теңге;

007 «Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-ға кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 1700000,0 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 1700000,0 мың теңге;

008 «Кәсіпкерлік қызметті қолдау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3501,0 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 3501,0 мың теңге;

009 «Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және ауыл тұрғындарына микро кредит беру үшін "ҚазАгро" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-ның еншілес ұйымдарына кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 800000,0 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 800000,0 мың теңге;

010 «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3853282,0 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 3853282,0 мың теңге;

011 «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 608000,0 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 608000,0 мың теңге;

027 «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 63614,0 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 63614,0 мың теңге;

028 «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде ағымдағы іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 34803,0 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 34803,0 мың теңге;

032 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 19393,7 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 19393,7 мың теңге;

051 «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды

дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 1383073,6 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 1383073,6 мың теңге;

065 «Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 7450712,0 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 7450712,0 мың теңге;

069 «Моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 983097,0 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 983097,0 мың теңге;

107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 19270,8 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 19270,8 мың теңге;

108 «Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 50315,9 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 50315,9 мың теңге;

113 «Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 80692,0 мың теңге қаралып, нақты игерілгені 80692,0 мың теңге (*Қосымша 3. Кесте №1. 2016-2018 жылдары бақылаумен қамтылған бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) орындалуы туралы ақпарат - 6 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі*).

001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша анықталғаны:

Мекеменің 2016 жылғы штаттық кестесі бойынша мемлекеттік қызметкерлер саны 29 бірлікті құраған, 3585,3 мың теңге айлық еңбекақы қорымен «Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысымен келісілген және мекеме басшысымен бекітілген. 4 бірлік техникалық қызметкерлердің тарификациялық тізімі 136,0 мың теңге айлық еңбекақы қорымен мекеме басшысымен бекітілген.

Мекеменің 2017 жылғы штаттық кестесі бойынша мемлекеттік қызметкерлер саны 29 бірлікті құраған, 3608,6 мың теңге айлық еңбекақы қорымен «Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысымен келісілген және мекеме басшысымен бекітілген. 4 бірлік техникалық қызметкерлердің тарификациялық тізімі 168,8 мың теңге айлық еңбекақы қорымен мекеме басшысымен бекітілген.

Мекеменің 2018 жылғы штаттық кестесі бойынша мемлекеттік қызметкерлер саны 29 бірлікті құраған, 3643,6 мың теңге айлық еңбекақы

Аманжол

Әсет

А. В. Котлов

қорымен «Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысымен келісілген және мекеме басшысымен бекітілген. 4 бірлік техникалық қызметкерлердің тарификациялық тізімі 173,1 мың теңге айлық еңбекақы қорымен мекеме басшысымен бекітілген.

Мекеменің қызметкерлеріне еңбек ақы Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы органдарының әкімшілік қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» 17.01.2004 ж. №1284 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы басшылыққа алынып, сәйкес есептеліп төленген. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 «Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарында қаралған қаржының үнемделуінен сыйақы, материалдық көмек көрсету және қосымша ақы төлеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» қаулысы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 30.11.2015 жылғы №908 «Орташа жалақы есептеудің бірыңғай қағидалары» бұйрығы еңбекақы төлеу барысында басшылыққа алынған.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында іс-сапар шығындарына мекемеде 2016 жылы 001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 161, 162 ерекшелігінен «Ел ішіндегі, сыртқы іссапарлар мен қызметтік сапарлар» бойынша 5844,0 мың теңге қарастырылып, 5844,0 мың теңге игеріліп 184 іссапарға шығу куәлігі тіркелген.


2017 жылы 001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 161, 162 ерекшелігінен «Ел ішіндегі, сыртқы іссапарлар мен қызметтік сапарлар» бойынша 6440,4 мың теңге қарастырылып, 6440,4 мың теңге игеріліп 191 іссапарға шығу куәлігі тіркелген.

2018 жылы 001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 161, 162 ерекшелігінен «Ел ішіндегі, сыртқы іссапарлар мен қызметтік сапарлар» бойынша 6951,3 мың теңге қарастырылып, 6951,3 мың теңге игеріліп 204 іссапарға шығу куәлігі тіркелген.

Іс-сапар шығындары Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы аумағында іссапар ережесін бекіту туралы» 2000 жылдың 22 қыркүйегіндегі №1428 қаулысы және оған кейінгі енгізілген толықтырулар мен өзгертулері талаптары сақталып, сәйкес жүргізілген.



Басқармасы



Мекеме «Алматы облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің коммуналдық меншіктегі мүлікті уақытша өтемсіз беру туралы» келісім шартқа сәйкес 397,8 шаршы метрді құрайтын аланда облыстық әкімшілік ғимаратында орналасқан.

Мекеменің жабдықтаушылар мен мердігерлерге қаржы аударуына негіз болған келісім шарттары, тауарлар мен қызметтердің жеткізілуі туралы ақпарат 2 кестеде (Кесте 2. 2016-2018 жылдардағы жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысулар бойынша ақпарат №9 қосымша - 21 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі). Жабдықтаушылар мен мердігерлермен келісім шарттардың орындалуына тізім арасынан кездейсоқ әдіспен іріктеп алу арқылы қаралғандарынан анықталғаны:

Мекемемен 2016-2018 жылдар аралығында 001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бағдарламасының 159 Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша төмендегі жобалар бойынша іске қосу жұмыстары жүргізілген.

2016 жылы:

«АСАТАЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жалпы құны 33924,3 мың теңгені құраған 2016 жылғы 03 қарашада №82 келісім-шарт негізінде «Талдықорған» индустриалды аймағының» магистралды инженерлік желілері мен көлік инфрақұрылымын салу. «Екі тізбекті 110 кВ-ты әуе желілері және 110/10 кВ-ты подстанция» жобасы бойынша іске қосу жұмыстары жүргізілген. Іске қосу жұмыстарына бөлек жоба әзірлеуге шығындар болмаған.

Тармақ 1.

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығының 12 тармағының 4 тармақшасының талаптары сақталмай, мердігер мекемеден орындалған жұмыстардың құны туралы анықтама қабылданбаған.

2. Мекемемен іске қосу жұмыстары бойынша жоба әзірленбеген. Сол кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасының №4.04-10-2002 «электртехникалық құрылғылар» құрылыс нормалары және ережелерінің 4 тармағының 4.2. тармақшасының талаптары бұзылған. Яғни, сметалық құжаттама бойынша шығындардың негізділігі нақты анықталмаған.

3. Қазақстан Республикасының №4.04-10-2002 «электртехникалық құрылғылар» құрылыс нормалары және ережелерінің 4 тармағының 4.9. тармақшасының талаптары сақталмай Іске-қосу жұмыстарының 2 кезеңінде тапсырыс берушімен Авторлық қадағалау қамтамасыз етілмеген.

4. Қазақстан Республикасының №4.04-10-2002 «электртехникалық құрылғылар» құрылыс нормалары және ережелерінің 4 тармағының 4.22. тармақшасының талаптары сақталмай, Іске қосу жұмыстарын жүргізуші

Ақмұр

Әсир

Ақмұр

мекемемен, іске-қосу жұмыстары бойынша қол қойылған қабылдау актісі ұсынылмады.

(Қосымша №11. 1 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары - 40 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі).

2017 жылы

«Электромонтаж» акционерлік қоғамымен жалпы құны 14120,7 мың теңгені құраған 2017 жылдың 16 наурызындағы №12 келісім-шарт негізінде «Талдықорған» индустриалды аймағының «10 кВ-ты кабельды желілер, 10/0,4 кВ-ты тарату пункті және сыртқы көше жарығы» жобасы бойынша іске қосу жұмыстары жүргізілген. Іске қосу жұмыстарына бөлек жоба әзірлеуге шығындар болмаған.

Тармақ 2.

1. Мекемемен іске қосу жұмыстары бойынша жоба әзірленбеген. Сол кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасының №4.04-10-2002 «электртехникалық құрылғылар» құрылыс нормалары және ережелерінің 4 тармағының 4.2. тармақшасының талаптары бұзылған. Яғни, сметалық құжаттама бойынша шығындардың негізділігі нақты анықталмаған.

2. Қазақстан Республикасының №4.04-10-2002 «электртехникалық құрылғылар» құрылыс нормалары және ережелерінің 4 тармағының 4.9. тармақшасының талаптары сақталмай Іске-қосу жұмыстарының 2 кезеңінде тапсырыс берушімен Авторлық қадағалау қамтамасыз етілмеген.

3. Қазақстан Республикасының №4.04-10-2002 «электртехникалық құрылғылар» құрылыс нормалары және ережелерінің 4 тармағының 4.22. тармақшасының талаптары сақталмай, Іске қосу жұмыстарын жүргізуші мекемемен, іске-қосу жұмыстары бойынша қол қойылған қабылдау актісі ұсынылмады.

2016 және 2017 жылы жасалған іске қосу жұмыстарына, Трансформаторлық подстанцияларының есіктеріне қосымша металды орнатып, балқытып біріктіру (*Сварка*) арқылы жабық тұруына байланысты бақылау өлшемін жүргізу мүмкіншілігі болмады. Қосымша фотосуреттер тіркеледі *(Қосымша №12. 2 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары - 72 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі).*

2018 жылы

«РЕМКАПСТРОЙ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жалпы құны 13 683,6 мың теңгені құраған 2018 жылғы 21 маусымында №43 келісім-шарт негізінде «Алматы облысы Қаратал ауданының Айту би ауылдық округінде мал жемдеу кешенін электрмен жабдықтау және сумен жабдықтау» жобасы бойынша іске қосу жұмыстары жүргізілген. Атқарылған жұмыстар актісіне сәйкес, 2018 жылдың 29 маусымындағы №2661001/18-327 және 2018 жылдың 10 қазанындағы №2661001/18-552 төлем шотымен төленген. Іске қосу жұмыстарына бөлек жоба әзірлеуге шығындар болмаған.

Тармақ 3.

1. 2018 жылы іске қосу жұмыстары жүргізілген кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасының №4.04-07-2013 «Электр-техникалық құрылғылар» құрылыс нормалары және ережелерінің 16 тармағының 16.2

Ақсау *Есін*

Ақсау

тармақшасының талабы бұзылып, Іске қосу-жөндеу жұмыстарына жоба әзірленбеген. Яғни, сметалық құжаттама бойынша шығындардың негізділігі нақты анықталмаған.

2. Қазақстан Республикасының №4.04-07-2013 «Электр-техникалық құрылғылар» құрылыс нормалары және ережелерінің 16 тармағының 16.9 тармақшасының талаптары сақталмай, Іске-қосу жұмыстарының 2 кезеңінде тапсырыс берушімен Авторлық қадағалау қамтамасыз етілмеген.

Мемлекеттік аудитқа құрылыс саласының маманы тартылмады. Осыған орай, «Алматы облысы Қаратал ауданының Айту би ауылдық округінде мал жемдеу кешенін электрмен жабдықтау және сумен жабдықтау» жобасы бойынша іске қосу жұмыстарының алғашқы мемлекеттік сатып алу рәсімін жүргізуде ұсынылған сметалық құжаттама мен мердігер мекеменің атқарылған жұмыстар туралы актісіне шолу жасалды.

Осы ереженің 16 тармағының 16.3 тармақшасына сәйкес, Іске қосу-жөндеу жұмыстары жобада тағайындалған электрлік параметрлер мен режимдерді қамтамасыз ету мақсатында электр жабдығын тексеру, баптау және сынаудан тұратын жұмыстар кешені болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының «Құрылыстағы баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттарды бекіту туралы» 2017 жылғы 14 қарашадағы № 249-нқ бұйрығының 5 тармағының талаптары сақталмай, Іске қосу-жөндеу жұмыстары тек электр жабдығын тексеру, баптау және сынаудан тұратын жұмыстар кешені бола тұра сметалық құжаттама мен атқарылған жұмыстар туралы актісі бойынша жұмсалған шығындардың қажеттілігі күмәндік тудырады. Олар:

(1308-0201-0702 *ресурстық кодында орналасқан*) 35кВ дейін 550 м. кабельді, жапсырма жақшалармен бекітумен төсеу жұмыстарына қаралған **447,5 мың теңге**;

(2306-0203-0503 *ресурстық кодында орналасқан*) 0,153 км. бақылау кабельдеріне қаралған **120,8 мың теңге**;

(2306-0203-0504 *ресурстық кодында орналасқан*) 0,153 км. бақылау кабельдеріне қаралған **179,8 мың теңге**;

(2306-0203-0304 *ресурстық кодында орналасқан*) 0,153 км. бақылау кабельдеріне қаралған **97,8 мың теңге**;

(2306-0203-0105 *ресурстық кодында орналасқан*) 0,102 км. бақылау кабельдеріне кабельдеріне қаралған **60,7 мың теңге** шығындар негізсіз қарастырылған деген пікір қалыптасады. Жалпы кабельдерге қарастырылған сома **906,6 мың теңге**. Осы сұрақ бойынша толыққанды зерттеу үшін құрылыс саласындағы мамандарды тарта отырып қарастыру қажет.

4. Осы ереженің 16 тармағының 16.22 тармақшасының талаптары сақталмай, Іске қосу жұмыстарын жүргізуші мекемемен, іске-қосу жұмыстары бойынша қол қойылған қабылдау актісі ұсынылмады.

«Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 17-НҚ нормативтік қаулысының 96 тармағына сәйкес, «Алматы облысы Қаратал ауданының Айту би ауылдық округінде мал жемдеу кешенін электрмен жабдықтау және сумен жабдықтау» жобасы бойынша іске қосу (*пунктоналда*) жұмыстарына жұмсалған қаражаттардың анықтығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылды. Осы бақылау өлшеміне құрылыс саласындағы маман тартылмады және көзбен шолып (*визуально*) жүргізілді. Бақылау барысында, іске қосу жұмыстары жүргізілген екі трансформатордың біреуі осы уақытқа дейін жұмыс істемейтіндігі, яғни жұмыстары толық аяқталмағаны анықталды.

5. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңының 43 бабының 23, 26 тармағының талаптары және 2018 жылғы 21 маусымында №43 келісім-шарттың 4.1 тармағының 1 тармақшасының және 6.1 тармағының талаптары сақталмай, іске қосу жұмыстары толық аяқталмаған.

(Қосымша №13. 3 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары - 52 парақта және 1 видео 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі).

2016-2018 жылдар аралығында жүргізілген іске қосу жұмыстары бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 707 «Мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен объектілер құрылысының құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 14 тармағының 13 тармақшасының талабына сәйкес, салалық заңнамалық нормалар шеңберінде реттелетін бюджеттік инвестициялық жобалар шығындар құрамына - жабдықты кешенді байқап көрумен іске қосу-жөндеу жұмыстарына, іске қосу-жөндеу жұмыстары үшін шикізатқа және материалдық ресурстарға, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу кезеңінде пайдаланушы персоналын ұстауға (өндірістік мақсаттағы объектілер үшін) арналған шығындар кіруі қажет. Осыған орай, сол уақытта қолданыста болған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын бекіту» туралы № 168 қаулысының 143 тармағының талаптары сақталғандығы анықталмады.

003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша:

Мекемемен 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде, облыс аумақтарында орналасқан сауда орындарына сауда шатырлар (*торговые шатры*) орнату мақсатында, мемлекеттік сатып алудың баға ұсыныстары тәсілі бойынша анықталған мердігер мекеме - «Нұрали» ЖК-н 1 дана шатырға қажетті қап тігуге жалпы құны 51,0 мың теңгені құрайтын 2017 жылдың 10 шілдедегі №48 келісім-шарты жасалып, 1 дана қап тігілген. Осы келісім-шарт бойынша атқарылатын

жұмыстардың көлемі қосымша 119 дана қап тігуге және жалпы құны 6069,0 мың теңгеге ұлғайтылып, 2017 жылдың 28 шілдедегі №1 қосымша келісім жасала отырып, жалпы 120 қап тіктірілген. Енгізілген қосымша келісіммен жалпы құны 6120,0 мың теңгені құраған.

Тармақ 4. Мекемемен негізгі келісім-шарттың құны қосымша 6069,0 мың теңгеге ұлғайтылып жасалған 2017 жылдың 28 шілдедегі №1 қосымша келісім - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (сол мерзімде қолданыста болған өзгерістер мен толықтырулармен) 45 бабының 2 тармағының 3 тармақшасының талаптарына қайшы жасалған. Келісім – шарт жасауға негіз болған сауда шатырлардың қажеттілігі туындаған кезде, қаражат бөлуге жасалға бюджеттік өтінімде жалпы 120 шатыр қажеттілігі көрсетіліп, қажетті қаражат бірден қаралған. Яғни, көрсетілетін қызметтердің көлемі мемлекеттік сатып алу рәсімін жүргізу барысында емес, бастапқы уақытта белгілі болған.

Осылайша, мекемемен жалпы қажет 120 шатырдың барлығына емес тек 1 данасын ғана баға ұсыныстарына жариялап, қалған 119 данасына Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (сол мерзімде қолданыста болған өзгерістер мен толықтырулармен) 5 бабының 10 тармағында қарастырылмаған себептер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудан бас тартқан.

Аталған заң бұзушылықтар бойынша лауазымды тұлға Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Осыған ұқсас, Мекемемен 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде, облыс аумақтарында орналасқан сауда орындарына сауда шатырлар (торговые шатры) орнату мақсатында, мемлекеттік сатып алудың баға ұсыныстары тәсілі бойынша анықталған мердігер мекеме - «Нұрали» ЖК-н 1 дана шатырға қажетті металл жақтауларын әзірлеуге жалпы құны 57,9 мың теңгені құрайтын 2017 жылдың 10 шілдедегі №47 келісім-шарты жасалып, 1 дана металл жақтау әзірленген. Осы келісім-шарт бойынша атқарылатын жұмыстардың көлемі қосымша 119 дана металл жақтау әзірлеуге және жалпы құны 6890,1 мың теңгеге ұлғайтылып, 2017 жылдың 28 шілдедегі №1 қосымша келісім жасала отырып, жалпы 120 металл жақтау әзірленген. Енгізілген қосымша келісіммен жалпы құны 6948,0 мың теңгені құраған (Қосымша №14. 4-5 тармақтар бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары - 66 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі).

Тармақ 5. Мекемемен негізгі келісім-шарттың құны қосымша 6890,1 мың теңгеге ұлғайтылып жасалған 2017 жылдың 28 шілдедегі №1 қосымша келісім - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (сол мерзімде қолданыста болған өзгерістер мен толықтырулармен) 45 бабының 2 тармағының 3 тармақшасының талаптарына қайшы жасалған. Келісім – шарт жасауға негіз

13

болған сауда шатырлардың қажеттілігі туындаған кезде, қаражат бөлуге жасалған бюджеттік өтінімде жалпы 120 шатыр қажеттілігі көрсетіліп, қажетті қаражат бірден қаралған. Яғни, көрсетілетін қызметтердің көлемі мемлекеттік сатып алу рәсімін жүргізу барысында емес, бастапқы уақытта белгілі болған.

Осылайша, мекемемен жалпы қажет 120 шатырдың барлығына емес тек 1 данасын ғана баға ұсыныстарына жариялап, қалған 119 данасына Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (сол мерзімде қолданыста болған өзгерістер мен толықтырулармен) 5 бабының 10 тармағында қарастырылмаған себептер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудан бас тартқан.

Аталған заң бұзушылықтар бойынша лауазымды тұлға Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады (Қосымша №14. 4-5 тармақтар бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары - 66 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі).

004 «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шаралар іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша:

Мекемемен «Инвесторлар кеңесі» және Алматы облысында кәсіпкерлікті дамыту бойынша іс-шараны өткізу шеңберінде бейнеролик пен каталог әзірлеуге, «Adiant media» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жалпы құны 5180,0 мың теңгені құраған 2017 жылдың 20 желтоқсандағы №74 келісім-шарты жасалған. Осы келісім-шарттың құны 14139,2 мың теңгеге ұлғайтылып, 2017 жылдың 22 желтоқсандағы №1 қосымша келісім жасалады. Осылайша келісім-шарттың жалпы құны 19319,2 мың теңгені құрады. Оның ішінде 11760,0 мың теңгеге видеороликтер әзірлеу және 7559,2 мың теңге имиджді өнімдер мен каталогтарды әзірлеу келісілген. Мердігер мекеменің 2017 жылдың 22 желтоқсанындағы №63 атқарылған жұмыстар туралы актісіне сәйкес 2017 жылдың 25 желтоқсанындағы №2661001/17-733 төлем тапсырмасына сәйкес төленген.

Келісім-шарт пен қосымша келісімнің техникалық сипаттамасы бойынша төмендегі видеоматериалдар әзірленуі қажет болған:

1. Іс-шара туралы мемлекеттік және орыс тілінде - 2 проморолик;
2. Алматы облысының отандық тауар өндірушілері туралы – 1 фильм;
3. Алматы облысында кәсіпкерлікті дамыту мен бизнесті қолдау шаралары туралы – 1 фильм;
4. Басқарманың бизнесті және инвесторларды қолдау шаралары туралы қазақ және орыс тілдеріндегі 4 минутты презентациялық видеоролик;
5. Шағын және орта бизнесті қолдау шараларын дамыту туралы қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі 1,5-2 минутты жарнамалық видео;
6. Мемлекетпен инвесторларды қолдау туралы қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі 1,5-2 минутты жарнамалық видео.

Тармақ 6.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 Бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке

алуды жүргізу қағидаларының» 34, 35, 36, 39 тармағының талаптарына сақталмай, 11760,0 мың теңгеге әзірленген видеороликтер мекеменің бухгалтерлік есебінде танылмаған және есепке қойылмаған, қаржылық есептілікте көрсетілмеген.

Сонымен қатар, келісім-шарт бойынша бейнеролик пен каталог әзірлеуге жұмсалған қаражаттардың анықтығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, тек орыс тіліндегі 4 минуттық 1 дана видеоролик бар екені анықталды. Жалпы қажет 7 дана видеороликтердің қалған 6 данасы аудиторлық іс – шара барысында анықталмады. Жалпы әзірленген видеороликтер, имиджді өнімдер мен каталогтарды, мердігер мекеме мен тапсырушы арасындағы өткізіп беру-қабылдап алу актілері ұсынылмады.

Басқарма басшысының орынбасары С. Сабырбаевтың 2019 жылдың 10 қазанындағы түсініктеме хатына сәйкес, берілген орыс тіліндегі 4 минуттық видеоматериал, техникалық тапсырмада көрсетілген құны 3060,0 мың теңгені құрайтын видеоролик деп таныған және сол кезде басқарма басшысы лауазымын атқарып, келісім-шарт бойынша атқарылған жұмыстар актісін қабылдаған А.Тохтасунов, қазіргі уақытта жұмыстан босатылғандығына байланысты, қалған 6 дана видеороликтерді таба алмады (*Қосымша №15. 6-7 тармақтар бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары - 69 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі*).

Тармақ 7.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңының 43 бабының 26 тармағының талаптары және 2017 жылдың 20 желтоқсандағы №74 келісім-шартының 3.1 тармағының 2 тармақшасының талабы сақталмай, техникалық тапсырмасында көрсетілген құны 3060,0 мың теңгені құрайтын 4 минутты басқарманың бизнесті және инвесторларды қолдау шаралары туралы видеоролик қазақ және орыс тілінде болуы қажет. Яғни, аудит барысында ұсынылған видеоролик тек орыс тілінде болуы, келісім-шарттың техникалық тапсырмасына сәйкес келмейді.

Осылайша, жалпы 11760,0 мың теңге жұмсалып әзірленген видеороликтер жетіспейді.

Аудиторлық іс-шараның соңғы күні, Мекеменің бұрынғы басшысы А.Тохтасуновпен, жоғарыда аталған келісім-шарт бойынша әзірленген деп, YouTube.com сайтындағы Алматы облысының кәсіпкерлер палатасының арнасына жүктелген 3 видеороликке төмендегідей сілтемелер берді.

1. https://www.youtube.com/watch?v=7v_otkRN5ek&t=68s – Алматы облысы компанияларының ұлттық байқаудағы жеңістері туралы;
2. <https://www.youtube.com/watch?v=olzODjr19ic> – 2017 жылдағы Алматы облысында кәсіпкерлерліктің дамуының қорытындысы туралы;
3. <https://www.youtube.com/watch?v=oY8Vz957V1w> - Алматы облысының жомарт жандары туралы.

Осы ақпарат аудиторлық іс-шараның соңғы күні ұсынылуына байланысты, Алматы облысының кәсіпкерлер палатасынан нақты ақпарат

алу мүмкіншілігі болмады. Сілтемедегі видеолардың мәні келісім-шарттың техникалық тапсырмаларына сәйкес келмейді. Осы аталғанға қосымша, Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен Алматы облысының кәсіпкерлер палатасы арасындағы өткізіп беру қабылдап алу актілері негізінде өткізгендігі туралы ақпарат ұсынылмады. Сілтемедегі видеороликтер Алматы облысының кәсіпкерлер палатасының өздері тапсырма беріп, әзірлеген деген пікір қалыптасады (Қосымша №15. 6-7 тармақтар бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары - 69 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі).

Тармақ 8.

004 «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шаралар іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2016 жылғы 16 тамыздағы №123-ө н/қ Алматы облысының әкімінің өкімін орындау мақсатында мекемемен 2016 жылғы 27 тамыздағы №71 біркөзден тікелей келісім шарт жасасу әдісімен «Kazakhstan Motor City» ЖШС-мен «Халық маркасы» форумын ұйымдастыру бойынша қызметтер кешенін көрсетуге жалпы сомасы 3046,0 мың теңгеге келісім шарт жасалады. Келісім шартқа 2 Қосымша техникалық ерекшелікке сәйкес форумды ұйымдастыру бойынша қызметтер кешенін құрайтын шығындар көрсетіледі: 1) Дыбыстық жабдықтармен қамтамасыз ету; 2) Жарық беру жабдықтарымен қамтамасыз ету; 3) Сценалық қосымша жабдықтармен қамтамасыз ету шығындары. 2016 жылғы 29 тамыздағы №245 орындалған жұмыстар актісіне сәйкес «Kazakhstan Motor City» ЖШС қызметтер кешенін 3046,0 мың теңгеге көрсетіп, мекеме басшысы 29.08.2016 ж көрсетілген қызметтің күнін растап, қабылдап алған. Актіге қосымша есептілік немесе басқа құжаттар қоса ұсынылмаған. 2016 жылғы 31 тамыздағы №2661001/16-722 төлем құжатымен 3046,0 мың теңге «Kazakhstan Motor City» ЖШС-не қызмет ақысы төленген.

001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша мекемемен 2016 жылғы 27 тамыздағы №72 біркөзден тікелей келісім шарт жасасу әдісімен «А1» ЖШС-мен «Халық маркасы» форумын ұйымдастыру бойынша қызметтер кешенін көрсетуге жалпы сомасы 2797,5 мың теңгеге келісім шарт жасалады. Келісім шартқа 2 Қосымша техникалық ерекшелікке сәйкес форумды ұйымдастыру бойынша қызметтер кешенін құрайтын шығындар көрсетіледі: 1) Тарату материалдары; 2) 100 адам қатысушыға кофе-брейк, кешкі ас ұйымдастыру; 3) Өткізетін орынды дайындау; 4) Жобаны соңына дейін алып жүру шығындары. 2016 жылғы 05 қазандағы №40 орындалған жұмыстар актісіне сәйкес «А1» ЖШС қызметтер кешенін 2797,5 мың теңгеге көрсетіп, мекеме басшысы 05.10.2016 ж көрсетілген қызметтің күнін растап, қабылдап алған. Актіге қосымша есептілік немесе басқа құжаттар қоса ұсынылмаған. 2016 жылғы 06 қазандағы №2661001/16-816 төлем құжатымен 2797,5 мың теңге «А1» ЖШС-не қызмет ақысы төленген.

«Халық маркасы» форумы бойынша орындалған жұмыстар актілері әртүрлі мерзімде ұсынылып, қызметақысы төленуіне байланысты іс-шараның қашан, қай жерде, қандай жоспар мен бағдарламаға сәйкес өткізілгендігі туралы сұрақ туындады.

«Халық маркасы» форумының нақты қай күндері өткізілгендігі туралы мекеме тарапынан нақты ақпарат алу мүмкін болмады. Лауазымды тұлғаның түсініктемесіне сәйкес орындалған жұмыстар актісіне басшы қол қойғандықтан, төлем жүргізілгендігі, іс-шараға қатысы болмағандықтан өткізілген күні туралы түсіндіре алмайтындығы айтылған. Мекеменің бөлімдері тарапынан Алматы облысының тауар өндірушілерінің форумы ретінде 2016 жылғы 30 маусымда өткізілген деген болжамды ақпарат ұсынылды, алайда 30 маусымда «Жетісу инвест 2016» форумының өткізілгені «Kazakhstan Motor City» ЖШС 2016 жылғы 30 маусымдағы №134 орындалған жұмыстар актісінде көрсетілген.

2016 жылдан бері қызмет атқарып келе жатқан қызметкерлердің ішінде мекеме басшысы М.Мұратпен 2016 жылғы 25 ақпанда бекітілген жетекшілік ететін бөлімдері көрсетілген басшының орынбасарының лауазымдық нұсқаулығына сәйкес міндеттермен басқарма басшысының орынбасары А.Бакиров 2016 жылғы 03 қазанда танысқан. Алайда, 2016 жылғы 05 қазанда «Халық маркасы» форумын ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызмет туралы ақпарат бере алмады.

Осылайша, «Халық маркасы» форумын ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтерге төленген 5843,5 мың теңгенің жұмсалыуына негіз болған іс-шараның нақты қай уақытта, қандай жерде, кімдердің қатысуымен өткізілгендігі туралы нақты ақпарат мекеме тарапынан ұсынылмады (Қосымша №16. 8 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары - 30 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі).

Тармақ 9.

051 «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту бюджеттік бағдарламасы, 431 Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау ерекшелігі бойынша 28000,0 мың теңгеге «Алматы облысы, Талғар ауданы, Ой-Қарағай шатқалы мекен - жайында орналасқан «Лесная сказка» таулы шипажай объектісін телефонмен жабдықтау» объектісі бойынша құрылыс - монтаждық жұмыстарды орындауға «Алматы Production Construction & Invest» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен 2016 жылғы 18 шілдедегі №569061 Ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде 2016 жылғы 02 тамызда №51 келісім шарт жасалған. Келісім шарт бойынша жұмыстар 2016 жылдың 30 қарашасына дейін орындалуы тиіс.

Орындалған жұмыс актілері 2016 жылғы 31 тамыздағы №34 – 13988,7 мың теңгеге, 19 қыркүйектегі №45 – 5751,3 мың теңгеге, 24 қазандағы №51 – 6169,5 мың теңгеге, қараша айында жасалған жұмыстар үшін 30 желтоқсандағы №68 – 2090,6 мың теңгеге ұсынылып, жұмыстар қабылданып

алынған. 2016 жылғы 25 қарашадағы №44 эксплуатацияға қабылдау актісі мекеме басшысымен бекітілген.

«Алматы облысы, Талғар ауданы, Ой-Қарағай шатқалы мекен - жайында орналасқан «Лесная сказка» таулы шипажай объектісін телефонмен жабдықтау» объектісі бойынша құрылыс - монтаждық жұмыстардың жобалық-сметалық құжаттамасына хаттамалармен 75 пайызға өзгерістер енгізілген, енгізілген өзгерістерімен жобалық-сметалық құжаттама қайта сараптамадан өткізілмеген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі «Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 299 бұйрығының 75 тармағының талаптары сақталмай, енгізілген өзгерістер қайтадан сараптамадан өткізілмей құрылыс - монтаждық жұмыстар орындалған.

Құрылыс - монтаждау жұмыстары бойынша Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N242 Заңының 17 бабы, 1 тармақ, 4-1 тармақшасына сәйкес жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеудің, сараптамадан өткізудің және бекітудің белгіленген тәртібінен ауытқу, сол сияқты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген құжаттамадан ауытқу не бекіткен инстанцияның рұқсатынсыз оған өзгерістер енгізу сипатындағы бұзушылықтар орын алған.

«Энергохолдинг LTD» ЖШС-мен авторлық қадағалауды жүзеге асыруға 32,7 мың теңгеге 2016 жылғы 24 тамыздағы №70 келісім шарт жасалған. 2016 жылғы 22 желтоқсанда №95 орындалған жұмыс актісі 32,7 мың теңгеге ұсынылып, жұмыстар қабылданып алынған. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N242 Заңының 34 бап, 2-4 тармағына сәйкес авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар жүктелген міндеттерді орындамағаны (тиісінше орындамағаны) не өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

«УКС» ЖШС-мен техникалық қадағалауды жүзеге асыруға 441,6 мың теңгеге 2016 жылғы 8 тамызда №63 келісім шарт жасалған. 2016 жылғы 28 қазанда №00174 орындалған жұмыс актісі 441,6 мың теңгеге ұсынылып, жұмыстар қабылданып алынған. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N242 Заңының 34-1 бап, 6 тармағына сәйкес техникалық

Юсуп

Кул

Исмаилов

қадағалауды жүзеге асыратын тұлға міндеттерді орындамағаны (тиісінше орындамағаны) не өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады (Қосымша №17, 9 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары - 116 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі).

№2 мемлекеттік аудит көрсеткіші: Үнемділік.

Өлшемшарты — шығындарды негізсіз жоспарлау және жұмсау фактілерінің болмауы.

Оның мәселелері:

3. Мемлекеттік органның қызметін атқару процесінде еңбек, қаржы және басқа да ресурстарды үнемді пайдалануына талдау жүргізу.

Аудитпен қамтылған мерзім аралығында мекеме штатындағы мамандар бірнеше рет ауысқан. Ағымдылық жоғары деңгейде орын алған. Мамандар арасында лауазымдық міндеттер нақты көрсетіліп бөлінбеген. Өз кезегінде жауапкершілік деңгейінің төмендеуіне жол берілген. Төмен жауапкершілікпен атқарылған жұмыс сапасының сақталмауынан, қайталап пысықталып орындалуы талап етілетіндіктен, еңбек, уақыт және қаржы ресурстарының үнемсіз жұмсалыуына жол берілген. Дәлел ретінде анықталған бұзушылықтар — жұмыс сапасының төмен болғандығын дәлелдейді, төмен сападағы жұмыс нәтижесіне қол жеткізуге жұмсалған уақыт және бұзушылықтар орын алған кезеңдер бойынша жұмыс сапасы жоғары деп бағаланып, сыйлықақы төлеуге жұмсалған қаржылай ресурстарды атауға болады. Аудит барысында анықталған бұзушылықтарға түсініктеме беру кезінде лауазымды тұлғалардың ол кезде жұмыс атқармадым, ол салаға жауапты емеспін, кім жауапты болғанын білмеймін, кімге жүктелгені белгісіз және тағы сол сияқты жауаптары лауазымдық міндеттемелердің нақтыланбағанын, қызметкерлердің жауапкершілік деңгейінің төмендігін, кадрлардың ағымдылығының мекеме қызметіне кері әсерін көрсетеді.

Тармақ 10.

004 «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шаралар іске асыру» бағдарламасы бойынша 2015 жылғы 15 желтоқсандағы №867-ө Алматы облысының әкімінің өкімін орындау мақсатында мекемемен 2016 жылғы 23 маусымда №38 біркөзден тікелей келісім шарт жасасу әдісімен «Kazakhstan Motor City» ЖШС-мен «Жетісу инвест» форумын ұйымдастыру бойынша қызметтер кешенін көрсетуге жалпы сомасы 8612,0 мың теңгеге келісім шарт жасалады. Келісім шартқа 2 Қосымша техникалық ерекшелікке сәйкес индустриалды аймақтың макеті 4279,5 мың теңгеге (ҚҚС-сыз) жасалуы және 3409,8 мың теңгеге (ҚҚС-сыз) «Жетісу инвест 2016» форумын өткізетін орынды жалдау қарастырылған. 2016 жылғы 30 маусымдағы №134 орындалған жұмыстар актісіне сәйкес «Kazakhstan Motor City» ЖШС қызметтер кешенін 8612,0 мың теңгеге көрсетіп, мекеме басшысы 30.06.2016 ж көрсетілген қызметтің күнін растап, қабылдап алған. 2016 жылғы 30 маусымдағы №2661001/16-482 төлем

Ақим

Ақим

Ақим

құжатымен 8612,0 мың теңге «Kazakhstan Motor City» ЖШС-не қызмет ақысы төленген. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы N393 Бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 34, 35, 36, 39 тармағының талаптары сақталмаған: «Kazakhstan Motor City» ЖШС жеткізілген индустриалды аймақтың макеті 4793,04 мың теңге құнымен мекеменің бухгалтерлік есебінде танылмаған және есепке қойылмаған, қаржылық есептілікте көрсетілмеген. Лауазымды тұлғаның түсініктемесіне сәйкес оқиға орын алған уақытта жұмыс атқармаған, бүгінгі күні есепке алу мақсатқа сәйкес емес деген пікірде. Индустриалды аймақтың әлі де инвесторлармен толық қамтылмағанын ескере отырып, аталған активтің пайдалылық уақыты аяқталмаған және сол себепті есепте танылуы тиіс деген пікір қалыптасты (Қосымша №18. 10 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары – 15 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі).

№3 мемлекеттік аудит көрсеткіші: Нәтижелілік.

Өлшемшарты – индикаторларға кол жеткізілуі.

Оның мәселелері:

4. *Бюджеттік бағдарламалар бойынша жоспарланған көрсеткіштердің орындалуына талдау жүргізу.*

Бюджеттік бағдарламалардың орындалуы

Мекемемен 2018 жылға бюджеттік бағдарламалар аудиторлық іс-шараның соңғы күні ұсынылды, соның ішінде бағдарламалар бөлінісінде тікелей нәтиже көрсеткіштері:

004 «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шаралар іске асыру» бағдарламасы бойынша «Үздік тауар» және «Инвест форум» конкурстарын ұйымдастыру және 1 рет өткізу жоспарланған, 2-кесте: 2018 жылғы жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысулар бойынша ақпаратқа сәйкес іс-шара өткізілген.

005 «"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау» бағдарламасы шегінде қаржылық қолдау көрсетілген КОБ жобаларының санын 45 жеткізу, орындалуы туралы ақпарат мекемемен ұсынылмады.

007 «Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-ға кредит беру» бағдарламасы бойынша несиелендірілген КОБ субъектілерінің санын 9 жеткізу, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ мәліметі бойынша 2018 жылы 22 КОБ субъектілері несиелендірілген.

009 «Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және ауыл тұрғындарына микро кредит беру үшін "ҚазАгро" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-ның еншілес ұйымдарына кредит беру» бағдарламасы бойынша 500000,0 теңгені игеру, қаражат игерілген.

010 «"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау» бағдарламасы шегінде қаржылық қолдау

Аудитор

Фирма

Менеджер 20

көрсетілген КОБ жобаларының санын 136 жеткізу, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ мәліметі бойынша 2018 жылы 390 КОБ жобаларына қаржылық қолдау көрсетілген.

011 «"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру» бағдарламасы бойынша қаржылық қолдау көрсетілген КОБ жобаларының санын 65 жеткізу, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ мәліметі бойынша 2018 жылы 83 КОБ жобаларына қаржылық қолдау көрсетілген.

027 «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне берілетін бюджеттік кредит санын 5 жеткізу, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ мәліметі бойынша 2018 жылы 22 КОБ субъектілері кепілдендірілген.


028 «"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде ағымдағы іс-шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша «Береке» ИА-нда 10 жер учаскесін СПК «Жетісуге» акцияға төлем ретінде өткізу, «Қайрат» ИА-нда 1 жер учаскесін инвесторларға өткізу, «Береке» ИА-нда 6 жер учаскесін инвесторларға өткізу, инвесторлармен форумдар, дөңгелек стол түріндегі 30 кездесулер өткізу, шетел капиталы қатысқан 1 инвесторды ИА территориясына қатысушы ретінде тарту, отандық 7 инвесторды ИА территориясына қатысушы ретінде тарту, СПК «Жетісу» аталуының өзгеруіне байланысты 44 идентификациялау процедурасын атқару, СПК «Жетісу» мәліметтеріне сәйкес жалпы саны 7 инвестор ИА территориясына қатысушы ретінде тартылып, жер учаскесін жалдау туралы келісім шарттар жасалған. Бағдарлама толық орындалмаған.


051 «"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы бойынша темір жол ұзақтығы 0,01 шақырым, газбен жабдықтау магистральды жүйесі 0,45 шақырым, кәріз магистральды жүйесі 1,1 шақырым, газбен жабдықтау жүйесінің құрылысы 0,9 шақырым, электрожабдықтау құрылысы 19,5 шақырымды қамтуы, 110 жұмыс орнын құру, 500000,0 мың теңге салықтық түсімді қамтамасыз ету, орындалуы туралы ақпарат мекемемен ұсынылмады.

069 «Моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне берілетін бюджеттік кредит санын 12 жеткізу, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ мәліметі бойынша 2018 жылы 18 КОБ субъектілері несиелендірілген.

107 «Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы бойынша 1515 адамды 3 реттік құны 2544 теңге тұратын аспен 5 күн қамтамасыз ету,

108 «Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік

 21